№4 (20 921)
29 қаңтар,
2026 жыл, бейсенбі

# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары



ОЙ-САРАП
8 **Болбыр ұрпақ өсіп келеді...**



НЫСАНА
11 **Қолқаны қапқан жағымсыз иіс**



ҰЛТТЫҚ КИІМ
12 **Ең әдемі киім – ұлтымның киімі**

*Сауап пен Жауап*

# СҰРАУЫ ЖОҚ СУ



(Толығырақ 13-бетте)

*Инвестиция*

## Жобалар неге жүзеге аспады?

БЫЛТЫР НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА 22,7 ТРЛН. ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰЙЫЛДЫ. БИЫЛ ОСЫ МЕЖЕНІ АРТТЫРЫП, ШЕТЕЛДЕН КЕЛЕТІН ИНВЕСТИЦИЯНЫ 22,5 МЛРД. ДОЛЛАРҒА ЖЕТКІЗУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУ БОЙЫНША ӨТКІЗГЕН КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА АЙТЫЛДЫ.



Олжас Бектенов Президенттің осы бағытқа қатысты алға қойған міндеттерін атап айтты. Бұдан бөлек жиында инвесторлардың құқықтарын қорғау және жобаларды сүйемелдеу тетігін нығайту шаралары да қаралды.

Бүгінде прокурорлар мемлекеттік органдардың 27 мың шешімін зерделеп, мыңнан астам негізсіз бастамаларын тоқтатқан. Инвесторлардың қатысуымен болған сот даулары 30 пайызға қысқарған. Сондай-ақ 2 мыңға жуық инвестордың мәселесі нақты шешілген.

Үкімет басшысы мақұлданған жобаларды жүзеге асыруға кедергі келтіргені үшін «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы мен әкімдіктер қызметін сынға алып, ескерту жасады. Қазір ұсынылған 25 жобаның үшеуі ғана іске асып жатыр. Олжас Бектенов жауаптыларға үш күн ішінде қалған инвестициялық жобалар бойынша қажетті шешім қабылдауды тапсырды.

*Қоныстой*

## Көптен күткен қуаныш

ОСЫҒАН ДЕЙІН АПАТТЫ ҮЙДЕ ТҰРҒАН, ӨТЕ ҚИЫН ЖАҒДАЙДА ӨМІР СҮРГЕН ИНДЕР АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ БӨДЕНЕ ЖӘНЕ ЖАРСУАТ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ БҮГІНДЕ ЕРЕКШЕ ҚУАНЫШТЫ. ЖУЫРДА ОЛАРҒА ЖАҢА БАСПАНАЛАРДЫҢ КІЛТТЕРІ САЛТАНАТТЫ ЖАҒДАЙДА ТАБЫС ЕТІЛДІ.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында азаматтарды сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық жүйені кешенді жаңғырту Үкімет жұмысының басты бағыттарының бірі екенін атап өткен болатын. Осыған орай облыс әкімінің қолдауымен ауданымызда тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылуда. 2022 жылдан бері Индер ауданында апатты деп танылған үйлерден тұрғындарды көшіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Бұл жолы жаңа баспаналар апатты деп танылған үш жатақхананың тұрғындарына беріліп отыр,-деді қос ауылда өткен рәсімге қатысқан Индер ауданының әкімі Серік Нсанбаев.

Жаңа пәтерлер Бөдене ауылындағы Қ.Әбдіров көшесі мен Жарсуат ауылындағы Қ.Мурзин көшесінде орналасқан. Екі және үш бөлмелі баспаналар барлық қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтылған.

Жаңа үйге қоныстанған тұрғындардың бірі Үміт Лұқпанова көрсетілген қолдауға ризашылығын білдірді.

– Апатты үйден жайлы әрі кең пәтерге көшірген облыс және аудан басшылығына ауыл тұрғындары атынан алғыс айтамыз. Қуанышымызда шек жоқ. Пәтер жарық, кең, өте ұнады,-деді ол.

Бұған дейін Индер ауданында апатты деп танылған 112 пәтердің тұрғындары жаңа баспанамен қамтылған.

**Бек АЙДАРӘЛИ**



*Әлеумет*

# Бағаны КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

СОҢҒЫ УАҚЫТТА ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ЖИІ КӨТЕРІЛІП ЖҮР. ӘСІРЕСЕ БІР ӨНІМНІҢ ӘРТҮРЛІ САУДА ОРЫНДАРЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ АЙЫРМАШЫЛЫҚПЕН САТЫЛУЫ, ШАҒЫН ДҮКЕНДЕРДЕГІ БАҚЫЛАУДЫҢ ӘЛСІЗДІГІ, СОНДАЙ-АҚ ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ ДЕ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ НАЗАРЫН ЕРІКСІЗ АУДАРЫП ОТЫР. БҰЛ МӘСЕЛЕ ҚАРАПАЙЫМ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ ДА ТАЛҚЫЛАУ НЫСАНЫНА АЙНАЛДЫ.

(Толығырақ 15-бетте)



Коллажды жасаған Дәурен МҰХАМБЕТАЛИЕВ

*Инновация*

## Ақылды жастар арамызда жүр

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА ATYRAU HUB БАЗАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН A-PRO ACADEMY БАҒДАРЛАМАЛАУ МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ АТА-АНАЛАР МЕН ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫ ЖАСАП ШЫҚТЫ. ЖОБА ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ АЗАЙТЫП, ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Жаңа платформа Kundelik.kz жүйесіне ұқсас, алайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының талаптарына бейімделген. Мұнда тәрбиешілер оқу жоспарын бір айға немесе бір жылға алдын ала құрып, ал ата-аналар баласының даму барысын онлайн режимде бақылай алады.

Академияның негізін қалаушы Нұрлыбек Аталықовтың айтуынша, платформа A-Pro Group экожүйесі аясында іске асырылған. Жобаны A-Pro Studio бағытында білім алып жүрген мектеп оқушылары ойлап тапқан екен. Өнертапқыш команда Атырауда өткен Hackathon байқауында бірінші орын алып, Астана қаласындағы республикалық кезеңге қатысқан. Қазір жоба одан әрі жетілдіріліп жатыр. Алдағы уақытта платформаға балаларды тіркеу кезінде дауыстан тану технологиясын енгізу жоспарлануда. Бұл жүйе сабақ барысында оқушылардың белсенділігін автоматты түрде анықтап, бағалау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Өз тілшіміз**

Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС 2026 жылғы 29 қаңтардан 25 ақпан аралығында Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген кезеңде «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» https://ndbecology.gov.kz/ порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, БСН 040740000537, Атырау қаласы, З.Қабдолов 1, 8(7122) 25-95-47, e-mail: seredenova.kh@anpz.kmg.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Каспиймұнайгаз «ҒЗЖИ» АҚ», 060007, Атырау қ., Абай көшесі 5, БСН 011040002347, тел.: 8 (7122) 99-28-04.

Жобалық құжаттамамен https://ndbecology.gov.kz/ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында танысуға болады. Бағдарламаның жобасы туралы қосымша ақпаратты көпшілік тыңдаулар өткізу кезінде алуға, сондай-ақ бағдарламаға қатысты құжаттардың көшірмелерін seredenova.kh@anpz.kmg.kz электронды мекен-жайы бойынша сұратуға болады

# Аэрация жұмыстары балық қорының сақталуы үшін аса маңызды

Атырау облысындағы Жайық өзенінде мұз қалыңдап, балыққа оттегі жетпей жатыр. Дер кезінде шара қолданбаса, қырылып қалуы мүмкін. Сондықтан «Абылай-Хан» ЖШС жылдағыдай мұз ою жұмыстарын жүргізуде. Жайық өзеніндегі мұздың қалыңдығы қазір шамамен 27 сантиметр. Ал мамандардың айтуынша, егер мұз 10 сантиметр қатса, соның өзі балықтар үшін қауіпті. Өйткені судағы оттегі азаяды. Ал аэрация жұмыстары балық қорының сақталуы үшін аса маңызды. «Абылай-Хан» ЖШС-не тиесілі Жайық өзені Төменгі Зарослая тартымы аумағында мұз оюға міндеттелген. Қыстың көзі қырауда балық мұзды ою оңай емес. Алайда балықшылар қолда бар құралмен, әр жерден ойық жасап, су маржандарына ауа жеткізіп жатыр. Қыс мезгілінде ау тартымында мұз ойып, балыққа ауа беріледі, 5х5 қылып майна және жан-жағына 30-50 шақты ойылды. Бұл шара балық шабақтары өлмеуі үшін, көктемде балық көбеюі үшін. Мекемеге қарасты Төменгі Зарослая тамтымы бойынша аэрация жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатыр. Себебі бұл жерлерде балықтың қырылу қаупі жоғары. Сондықтан жауаптылар мұнда бақылауды күшейткен. Қалыңдығына байланысты әрдайымда қадағалау жұмыстарын жүргізіп тұрамыз. Аэрация жұмыстары аудандарда да қарқынды жүріп жатыр. Бұл шараға жауапты мамандар: М.Джумагалиев, Р.Хабибуллин және Е.Гумаров орындап жатыр.




**К.ҚОЖАХМЕТОВА,**
**«Абылай-Хан» ЖШС маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Eco Counter» ЖШС қалдықтарды қайта өңдеуге арналған контейнерлік орындаудағы жылжымалы ғимараттар мен құрылыстар кешені бойынша 2026–2035 жылдарға арналған ҚОӘБ, ШРК, ҚҚБ, ӨЭК, ППМ жобаларына қатысты ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Нүктелердің координаттары:
47° 8›58.72» с.е.
51°51›46.74» ш.б.
47° 8›57.71» с.е.
51°51›45.72» ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 2 наурызда сағат 11.00-де келесі мекенжай бойынша өтеді:

Атырау облысы, Атырау қаласы, Әбілқайыр хан көшесі 51а, open space, коворкинг (Abyroy Residence тұрғын үй кешені). Қоғамдық тыңдаулар офлайн форматта өткізіледі, сондай-ақ Microsoft Teams платформасы арқылы онлайн режимде бейнеконференцбайланыс арқылы қосылу мүмкіндігі қарастырылған.

Жиналысқа сілтеме арқылы қосылу:
https://teams.microsoft.com/meet/39558232109299?p=xmJGbl2NtIbiNRprQm
Жиналысқа қосылу
Жиналыс идентификаторы: 395 582 321 092 99
Құпия код: pE9oP3xa

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:
«Eco Counter» ЖШС, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
Форт-Шевченко қаласы, Қошанай массиві, 22-құрылыс, пошта индексі 130500.

Ескертулер мен ұсыныстар келесі электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады:
llp.ecocounter@gmail.com

Қоғам өкілдері қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты 8 701 621 41 76 телефон нөмірі арқылы ала алады.

Жобаның әзірлеушісі: мекенжайы: Атырау қ., Жерұйық ықшам ауданы, 8-үй, 3 үй, ИП Мусаева. Байланыс тұлғасы: Мусаева К., ұялы телефон: 87784060670, e-mail: e.korchunova@mail.ru

Жобаның материалдары сайтта орналастырылған. Ескертулер мен ұсыныстар «НБД СОС және ПР» ақпараттық жүйесінде https://hearings.ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Атырау облысы Табиғи ресурстарды басқару және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, мекенжайы: Атырау қ., Әйтеке би к-сі, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru, тел.: 8(7122) 32-55-09.




## ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

### НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 19.07.2025 жылы қайтыс болған **Султангалиев Нуртажи Байркасовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 87027420470.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 07.07.2023 жылы қайтыс болған **Сисенгалиева Рыстының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 87027420470.

Нотариус М.С. Сүлейменова хабарлайды.
30.08.2025 жылы қайтыс болған **Насырқызы Нұргүлдің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, Телефон: 8 (71231) 2-06-82.
Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008ж

Нотариус М.С. Сүлейменова хабарлайды.
10.11.2025 жылы қайтыс болған **Шангереев Едилбай Шангерееевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, Телефон: 8 (71231) 2-06-82.
Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж

14.11.2025 жылы қайтыс болған **Алтынгалиева Айпаршаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Ухамбаева Куляш Жумабаевнаға хабарласуларын сұраймыз. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Балықшы шағынауданы, Қарынбай Ахмедияров көшесі, 22 үй, тел.: 8 701 392 73 39. Лицензия №15015858, 28.08.2015 жылы ҚР ӘМ берген.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2025 жылы 18 қарашада қайтыс болған **Борангалиев Терекбайдың** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кеңсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Әділет министрлігі берген.

2025 жылы 18 тамызда қайтыс болған **Кайыржанова Айгуль Гайсовнаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса Социалов Биржан Берикбуловичтің, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 4 мамыр 2021 жылы берілген №21017054 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, №42, №8 каб. кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел.: 8 775 150 87 52.

Атырау облысының нотариусы Д.Б.Кушкенова хабарлайды: 03.01.2026 жылы қайтыс болған **Жолмагамбетова Алия Калихановнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат поселкесі, С.Бекжанов көшесі, 13 Б үй, 19 пәтер, байланыс телефоны: 8/71239/3-42-11. Лицензия №13000262, 14.01.2013 ж.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 19.12.2025 жылы қайтыс болған **Сертаева Кадишаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау облысы, Атырау қаласы нотариаттық кеңсесі, нотариус Утенова Айгуль Каиржановна хабарлайды: 2025 жылы 16 қарашада қайтыс болған **Кабылова Марусяның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Х.Досмұхамедов көшесі, №139 «а». Байланыс телефон: +7 701 369 55 38.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды:
20.10.2025 жылы қайтыс болған **Куспанов Курмангали Болатовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.
Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 16.06.2016 жылы берілген №16009737 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Атырау нотариаттық округінің нотариусы Кайралапова Нурбиби Табылдиевна хабарлайды:
Мұра қалдырушы 2025 жылы 21 маусымда қайтыс болған **Жолдасов Сакен Едгеевичтің** мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің Атырау қаласы, Нұрсая ықшам ауданы, 22 үйде орналасқан нотариустың кеңсесіне хабарласуы қажет.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2025 жылы 22 тамызда қайтыс болған **Айдаралиева Нурсулу Батыровнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариусқа, Атырау қаласы, Авангард, 4 мөлтек ауданы, 12 үй, 58 пәтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары қажет.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Анықтама тел.: 87014739333.

Атырау қаласындағы нотариалдық кеңсенің нотариусы Нигмеджанов Ибрагим Насимович хабарлайды: 2025 жылы 23 қыркүйекте қайтыс болған **Темирбаев Ғалий**, ЖСН:530411300572 атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Зейнолла Қабдолов даңғылы, 54 «А», әкімшілік ғимарат, 2 қабат, телефон: +7-701-566-53-99. Лицензия №13019273, берілген күні 12.12.2013 ж.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды:
08.01.2026 жылы қайтыс болған **Ибраимов Узак Сигуатовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Егемен Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.
Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мұнай-газ саласының ардагері Айдарбеков Кенхан Дүйсенұлының қызы
**Жеміс Кенханқызының**
қайтыс болуына байланысты туысқандары мен жанұясына қайғырып көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат болсын, Алла алдынан жарылқап, пейіште нұры шалқысын.

«Қаржылық мониторинг бойынша органдары ардагерлерінің ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының ұжымы қаржылық мониторинг органдарының ардагері Сахуалин Арон Канашовичке аяулы анасы
**Хангереева Ділдә Біләлқызының**
дүниеден озуына байланысты отбасыларының, туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Атырау**
Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады
МЕНШІК ИЕСІ:
**«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС**
Бас директор
**Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ**
Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**
Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев**
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев**
«atr.kz» сайтының редакторы **– А.Құрмашева,**
тілшілер **– Е.Қалижан, Т.Ермек**
Арнаулы тілші – **М.Қуанышева,**
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері:
шолушы – **А.Сабырова,** аға тілші – **Д.Аруев,**
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер:
шолушы – **Р.Өтеуғали,** экология және құқықтық мәселелер:
шолушы – **А.Қабдол,** аға тілші – **М.Ерғали**
фототілші – **Е.Алтыбаев**
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.**
Компьютер цехы:
бет құрушылар – **С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.**
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова,** теруші: **К.Елеусінова**
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы **№KZ62VPY00084467** куәлігі берілген.
Басылым **«Құрмет белгісі»** орденімен,
республикалық **«Аманат»** сыйлығымен марапатталған.
**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
**Электронды пошта:** e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru
www.atyrau-akparat.kz
*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
* Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
PR Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
**Индексі:** 65424 Аптасына 1 рет шығады.
**ТАРАЛЫМЫ: 3271 дана**
**Нөмірдің кезекшілері:**
М.Ерғали, А.Сабырова,
А.Жолдыбаева, Э.Әбілқайырова